**Қазақстан - Пәкістан сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиясының төртінші мәжілісін өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 11 шілде N 940

Қазақстан Республикасы мен Пәкістан Ислам Республикасының арасында өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан - Пәкістан сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) төртінші мәжілісі 2001 жылғы 17-19 шілдеде Астана қаласында өткізілсін.

2. Қоса беріліп отырған Комиссияның төртінші мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, мемлекеттік органдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3-1. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне Қазақстан-Пәкістан сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиясы төртінші мәжілісінің Пәкістан делегациясы мүшелерінің тұру ақысын төлеуге рұқсат етілсін.

Ескерту. 3-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.09.12. N 1178 қаулысымен. P011178_

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Комиссияның төртінші мәжілісін өткізу шығыстарын , оның ішінде Пәкістан делегациясы мүшелерінің тұруына 596 970 (бес жүз тоқсан алты мың тоғыз жүз жетпіс) теңге сомасында 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілеттік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.12. N 1178 қаулысымен.

P011178_

5. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 11 шілдедегі
N 940 қаулысымен бекітілген

Қазақстан - Пәкістан сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиясының төртінші мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары
(2001 жылғы 17-19 шілде, Астана қаласы)

| р/с N | Ұйымдастыру іс-шаралары | Орындау мерзімі | Орындауға жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Комиссияның төртінші мәжілісіне қатысушылардың қазақстандық бөлігі (Комиссия мүшелері мен шақырылған адамдар) құрамы бойынша ұсыныстар енгізу және күн тәртібі жобасын әзірлеу | 2001 жылғы 1 шілде | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 2 | Пәкістан делегациясының болу бағдарламасы жобасын енгізу | 2001 жылғы 1 шілде | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Астана қаласының әкімі |
| 3 | Пәкістан делегациясы мүшелерінің орналасуын, тамақтануын және оларға көліктік қызмет көрсетілуін | 2001 жылғы 17-19 шілде | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Сыртқы істер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қазақстандық тарап есебінен қамтамасыз ету (1+7 нысан) | | министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) |
| 4 | Пәкістан делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алуды және шығарып салуды ұйымдастыру | 2001 жылғы 17-19 шілде | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Астана қаласының әкімі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) |
| 5 | Пәкістан делегациясы мүшелерінің әуежайда, тұратын және баратын орындарда қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 2001 жылғы 17-19 шілде | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 6 | Комиссияның тең төрағасы, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі А. Шоқпытовтың мәжілісте сөйлейтін сөздерінің жобаларын Қазақстан Республикасының саяси және экономикалық жағдайы, екі жақты қарым-қатынастың жай-күйі мен келешегі туралы анықтама материал, сондай-ақ бірлескен жобалардың іске асуы туралы ақпарат дайындап, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне енгізу | 2001 жылғы 25 маусым | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі (жинау), Сыртқы істер министрлігі, Экономика және сауда министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | Пәкістан делегациясының алдын-ала танысуы үшін мәжілістің қазақстандық қатысушыларының баяндама тезистерін орыс және ағылшын тілдерінде дайындап, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне енгізу | 2001 жылғы 25 маусым | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі (жинау), Сыртқы істер министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 8 | Комиссияның төртінші мәжілісі Хаттамасының жобасын дайындау | 2001 жылғы 9 шілде | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі (жинау), Сыртқы істер министрлігі, Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Көлік және коммуникация. лар министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Ақмола, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | облыстарының, Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 9 | 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілеттік шығыстар" бағдар. ламасы бойынша көзделген қаражат есебінен осы іс-шараны өткізумен байланысты шығыстарды төлеу жөніндегі смета жобасын әзірлеу | 2001 жылғы 1 шілде | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 10 | Комиссия мәжілісінің ашылуына баспасөзді шақыра отырып, Комиссияның мәжілісін ақпараттық жарияланымда қамтамасыз ету, оның ішінде мәжіліс қорытындысы бойынша баспасөз конференциясын өткізу | 2001 жылғы 17-19 шілде | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 11 | Пәкістан делегациясының Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.Қ.Тоқаевпен кездесуін ұйымдастыру | 2001 жылғы 18 немесе 19 шілде | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Премьер-Министрдің Хаттама қызметі, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсенің Сыртқы байланыстар бөлімі |
| 12 | Мәжіліс жұмысының қорытындылары туралы есеп дайындау | 2001 жылғы 23 шілде | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |

---------------------------------------------------------------------------

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК